

«Basel» сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесі
БЕКІТКЕН
2023 жылғы «04» сәуірден бастап
хаттама

**«Basel» сақтандыру компаниясы АҚ-ның
«Мигрант»
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУМАҒЫНА
КІРЕТІН АЗАМАТТАРДЫ (БЕЙРЕЗИДЕНТТЕРДІ)
АУЫРУ ЖАҒДАЙЫНА САҚТАНДЫРУ
БАҒДАРЛАМАСЫ**



BASEL
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

«Мигрант» Қазақстан Республикасы аумағына кіретін азаматтарды (бейрезиденттерді) ауыру жағдайына ерікті сақтандыру бағдарламасы

Сақтандыру сыныбы:	Ауыру жағдайына арналған ерікті сақтандыру.	
Сақтанушы:	Кәмелетке толған жеке тұлға.	
Пайда алушы:	Сақтандырушы өкілінің медициналық қызмет көрсетушілері (бұдан әрі Ассистанс деп аталады) - Ассистанс арқылы қызмет көрсетілген жағдайда. Сақтандырылған тұлға - сақтандыру бағдарламасымен айқындалатын қызметтерді өз бетінше төлеген жағдайда.	
Сақтандырылған тұлға:	Жеке тұлғалар – 18 жастан 65 жасқа дейінгі бейрезиденттер (шет ел азаматтары).	
Сақтандыру шектеулері:	Сақтандыруға қабылданбайтындар: ✓ 18 жасқа толмаған және 65 жастан асқан тұлғалар; ✓ кез келген топтағы мүгедектер; ✓ Қазақстан Республикасының резиденттері.	
Сақтандыру нысаны:	Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандыру полисінде көрсетілген көлемде және шарттарда медициналық қызметтерді алу үшін Ассистансқа жүгінуінен туындаған шығыстарды төлеуге байланысты мүлтік мүдделері.	
Сақтандыру жағдайы:	Сақтандырылған тұлғаның таңдалған сақтандыру бағдарламасында көзделген қызметтерді алу үшін Ассистансқа Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі ішінде (медициналық қызмет көрсетушіге) жүгінуі.	
Сақтандыру сомасы:	12 ай - 60 000 теңге; 3 ай – 15 000 теңге.	
Сақтандыру сыйлықақысы мен тарифі:	12 ай - 1 800 теңге; 3 ай – 700 теңге.	12 ай - сақтандыру сомасының 3 %; 3 ай – сақтандыру сомасының 4,666 %.
Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері:	Сақтандыру полисі жасалған күні банктік шотқа немесе Сақтандырушының кассасына біржолғы қолма-қол/қолма-қол емес ақшалай төлем.	
Франшиза:	Көзделмеген.	
Сақтандыру төлемі:	1. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы Пайда алушыға Сақтандыру полисінде белгіленген сақтандыру сомасы мөлшерінде төлейді. 2. Сақтандыру төлемі Сақтандыру полисінде белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы керек.	
Сақтандыру агенті/брокері туралы ақпарат:	Бағдарламада Сақтандыру полистерін «Basel» сақтандыру компаниясы» АҚ серіктестері арқылы рәсімдеу қарастырылған.	
Гросс %-бен көрсетілген агент сыйақысының мөлшері:	Ішкі саясат шеңберінде Сақтандырушының өкілетті органының шешімімен бекітіледі.	
Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі:	3 ай, 12 ай.	
Сақтандыру аумағы:	Қазақстан Республикасы.	
Сақтандыру қорғанысының қолданылу уақыты:	Тәулігіне 24 сағат.	
3 айға сақтандыру бағдарламасының сақтандыру шарттары:	Медициналық көмек түрлері	
	Тәулік бойы істейтін Call-орталық қызметтері: қызмет көрсету бойынша кеңестер	Өтеу лимиті
	Медициналық сүйемелдеу: стационарлық емдеуді ұйымдастыру, Сақтандырылған тұлғаға көрсетілетін медициналық қызмет сапасын бақылау.	Толық қамту
	Жіті ауру анықталған, жазатайым оқиға салдарынан жарақат алған кездегі стационарлық емдеу (COVID-19 ауруын қоспағанда): Ауруханада болу, дәрігерлер мен медициналық қызметкерлердің қызметтері, диагностикалық зерттеулер, медициналық манипуляциялар, емдеуге қажетті дәрі-дәрмектер. Медициналық көрсетімдер бойынша физиотерапия	Толық қамту
12 айға сақтандыру бағдарламасының сақтандыру шарттары:	Медициналық көмек түрлері	
	Тәулік бойы істейтін Call-орталық қызметтері: қызмет көрсету бойынша кеңестер	Өтеу лимиті
	Медициналық сүйемелдеу: стационарлық емдеуді ұйымдастыру, Сақтандырылған тұлғаға көрсетілетін медициналық қызмет сапасын бақылау.	Толық қамту
	Амбулаториялық емхана көмегі: Терапевт кеңестері Аясы тар мамандардың кеңестері мен қызметтері – отбасылық дәрігердің жолдамасы бойынша; Зертханалық аспаптық минимум (ЭКГ, рентгенография, жарақатқа тағайындама берген кезде КТ/МРТ, зертханалық минимум (дәрігердің шешімі мен нұсқауы бойынша ЖҚТ (жалпы қан талдауы), ЖЗТ (жалпы зәр талдауы), қан БХ (биохимиясы)). Шектеу: Ковид 19 ауруы	10 000 теңге
Жіті ауру анықталған, жазатайым оқиға салдарынан жарақат алған кездегі стационарлық емдеу (COVID-19 ауруын қоспағанда): Ауруханада болу, дәрігерлер мен медициналық қызметкерлердің қызметтері, диагностикалық зерттеулер, медициналық манипуляциялар, емдеуге қажетті дәрі-дәрмектер. Медициналық көрсетімдер бойынша физиотерапия	Толық қамту	
Сақтандыру полисін жасасу формасы:	Сақтандыру полисі қағаз түрінде немесе электрондық түрде беріледі.	

«Basel» сақтандыру компаниясы АҚ
«Мигрант» Қазақстан Республикасының аумағына кіретін азаматтарды (бейрезидентті) ауыру жағдайына медициналық сақтандыру бағдарламасы